



## **XII жазғы Универсиада ойындарында шахматтан құрама командасының I орын иегерлеріне**

### **ҚҰРМЕТТІ СТУДЕНТТЕР!**

Өз атымнан және өздеріңіз білім алып жатқан Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымы атынан жарқын жеңістеріңізбен шын жүректен құттықтаймын!

Ақтау қаласында өтіп жатқан XII жазғы Универсиада ойындарында университеттің шахматтан құрама командасы I орын иемденіп, университет мерейін тасыттыңыздар.

Соның ішінде өздеріңе дәріс беріп, жетістіктеріңнің куәсі болған оқытушы-ұстаздарың айрықша мақтанышқа бөленді.

Өздерің сияқты танымал спортшылардың әрбір жеңісі кейінгі студент жастар үшін де жарқын үлгі.

Осы ретті пайдалана отырып, дендеріңе саулық, отбасыларыңа амандық тілеймін.

Тәрбиелеп өсірген ата-аналарыңа, қолдау көрсетіп жүрген бауырларыңа алғыс білдіремін.

Жеңісті сәттерің көп болсын!

Біз сендермен мақтанамыз!

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
Басқарма Төрағасы - Ректор**

**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**